

2

**Қаражар орта мектебінің өзін-өзі аттестаттаудан өткізу
қорытындысы туралы**

АНЫҚТАМА

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 бұйрығын, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2022 жылдың желтоқсан айының 7-13 аралығында мектепшілік өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Мектепшілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

1. Қалиев С.Ш.- комиссия төрағасы, мектеп директоры.
2. Шетеева Л.М.- комиссия төрағасының орынбасары, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары.
3. Мергенбаев Д.Ж.- комиссия төрағасының орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
4. Кабиева А.Б.- комиссия мүшесі, бастауыш сыныптар бірлестігінің жетекшісі.
5. Жанкина Г.Қ. – комиссия мүшесі, жаратылыстану пәндері бірлестігінің жетекшісі.

Комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде келесідей бөлімдер қамтылды.

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар.

2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар.

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар.

4. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

6. Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

7. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі.

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді